

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

**«Педагогика және психология» БББ бойынша 2022-2023 оқу жылындағы студенттерінің педагогикалық сараманы бойынша қорытынды есебі**

Орал, 2023

2022-2023 оқу жылында «Педагогика және психология» БББ қарасты 6B01101 «Педагогика және психология» ББ және 6B01801- «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» ББ 2-4 курс студенттеріне оқу, педагогикалық сарамандары ұйымдастырылды. Әр өткен сараман алдында оның мақсат-міндеттері мен бағдарламасы таныстырылған нұсқау конференциялары және сараман аяқталған соң қорытынды конференциялары оздырылды.

Сараман бағдарламасы 6B01101 «Педагогика және психология» ББ бойынша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 27 шілдеде № 28916 тіркелген және 2022 жылғы 27 тамыздағы №1 хаттамамен бекітілген М.Өтемісов атындағы БҚУ Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелері және сараман базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережелері негізінде құрастырылды.

Педагогикалық сараман оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Оның мақсаты-студенттердің педагогикалық салада жұмыс істеуге кәсіби дайындығын қалыптастыру, "маман" біліктілігіне сәйкес деңгейде кәсіби қызмет түрлерін игеру. Педагогикалық сараман интегралдау, кәсіби өзін-өзі анықтау, жеке тұлғаны қалыптастыру қызметтерімен маманның жеке және кәсіби қалыптасуының негізгі компоненті болып табылады. Ол білім беру бағдарламасына қажет кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыруды көздейді: болашақ педагог-психологтардың және әлеуметтік педагогтардың теориялық оқыту барысында алған теориялық білімдерін бекіту, тереңдету және кеңейту; кәсіби педагогикалық қызметті ұйымдастырудың ғылыми негіздерімен танысу, тұтас педагогикалық процесс, оның субъектілері туралы түсінік қалыптастыру; мектептегі педагог-психолог және әлеуметтік педагог жұмысының ерекшелігімен танысу; жұмысының түрлері мен әдістерін, жұмысты жоспарлау әдістері мен ұйымдастырылуын білу; педагогикалық мәселелерді шешуде кәсіби қызметтің әртүрлі түрлерін игеру және т.б.

Кәсіби сараман білім беруді ізгілендіру, демократияландыру, және интеграциялау идеяларын ендіруге, оқу орнының педагогикалық процесіндегі болашақ педагогтың тұлғалық, белсенді шығармашылығын, кәсіби құзырлығын қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Тұтас педагогикалық процесті құзырлылық әдіспен іске асыруға мүмкіндік беретін болашақ педагогтың кәсіби іскерлігін және дағдысын қалыптастыру, өзін-өзі тану, педагогика және психология пәнін оқытудың әдістемесін меңгеру, педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық, зерттеушілік әдісін дамыту, педагогтың тұлғалық-кәсіби сапасын қалыптастыруға бағдарланған.

2022-2023 оқу жылында «Педагогика және психология» БББ бойынша төмендегі 2-4 курс студенттер тобына қызметтік жазба жазылып, оқу және педагогикалық сараман ұйымдастырылды:

– 2 курс - 08.05.23-13.05.23 ж.ж. уақыт аралығында (6B01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2 курс ПиП-21 (к/б), ПиП-22

(о/б) топтары және 6В01801- «Әлеуметтік педагогика» білім беру бағдарламасының 2 курс Спс-21 (к/б), Спс-21-1 (о/б) топтары студенттері);

– 3 курс - 03.10.22-10.12.22ж. уақыт аралығында мектептерге педагогикалық үздіксіз сараман; 03.04.22 - 06.05.23 ж.ж. уақыт аралығында (6В01101 «Педагогика және психология» (Пип-31, Пип-32 топтары), 6В01101 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» (Спс-31, Спс-31-1 топтары) білім беру бағдарламаларының 3 курс студенттері) педагогикалық сараман;

– 4 курс - 23.01.22-06.05.23ж. уақыт аралығында мектептерге педагогикалық сараманынан 6В01101 «Педагогика және психология» мамандығының ПиП-41, ПиП-43 (к/б), ПиП-42 (о/б) топтары және 6В01801 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» 4 курс Спс-41 (к/б), Спс-42 (о/б) топтары студенттері;

13.03.2023-13.05.2023 уақыт аралығында педагогикалық сараманнан 6В01101 – «Педагогика және психология» 2 курс (2 жыл) ПИП-22(2), және 6В01801 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» 2 курс (2 жыл) СПС-23(2) мамандығы студенттері өтуге жіберілді.

23.01.22-06.05.23ж. уақыт аралығында педагогикалық сараманнан және 6В01101 – «Педагогика және психология» 3 курс (3 жыл) ПиП-31(3) және 6В01801 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» 3 курс (3 жыл) СПС-31(3) мамандығы студенттері өтуге жіберілді.

Сараманды ұйымдастыру базасы ретінде Гуманитарлық колледж, Орал қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернаты, Облыстық есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп –интернат – кешені, №4, 5, 7, 9, 13, 16, 17, 22, 27, 30, 33, 41, 42, 45, 47, 50 ЖОББМ алынды.

Сараман бойына студенттерге БББ-ның ПОҚ әдістемелік көмек көрсетіп, кеңестер берді.

Әдіскерлері ретінде «Педагогика және психология» БББ оқытушылары Э.К.Абдираимова, Ж.С.Исмагулова, С.Б.Калаханова, Н.Е.Муканова, А.Ж.Кенжегалиева, Ю.М.Жидкова, А.С.Балахмет, Б.Н.Тулегенова студенттермен жұмыстанды.

Сараман барысында студенттер педагог-психолог, әлеуметтік педагог және сынып жетекшісі жұмысымен танысып, сондай-ақ сынып сағаттарын өткізуге көмек көрсетуге, оқушылар ұжымына психологиялық зерттеу жүргізуге қатысты. Барлық студенттер практика мақсат-міндеттеріне сәйкес тапсырмалар орындап, педагогикалық-психологиялық диагностикалық және әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды жүргізді. Педагогикалық сараман соңында студенттердің жеке жұмыс жоспарлары толығымен орындалды.

Практика базаларынан студенттер туралы оң пікірлер мен мінездемелер алынды. Сараман қорытындысы бойынша студенттер жақсы баға алды. Барлық студенттер есеп құжаттарын толық тапсырып, әдіскерлермен бағаланды.

Ұсыныстар мен қорытындылар:

- сараман базаларын кеңіту,
- сараман мақсат-міндеттері орындалған, студенттер университеттің білім беру үдерісінде меңгерген теориялық білімін тәжірибеде шыңдаған.

Сараман жетекшісі: \_\_\_\_\_ Ж.С.Исмагулова